

№ 1753 болып тіркелген "Табиғатты қорғау және мал-дәрігерлік полиция саласы бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің 2002 жылғы 14 қаңтардағы № 27 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 30 маусымдағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 19 шілдеде тіркелді. Тіркеу № 2951. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 10 мамырдағы № 201 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007.05.10 № 201 бұйрығымен.

Ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында Бұйырамын:

1. (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 1753 болып тіркелген) "Табиғатты қорғау және мал-дәрігерлік полиция саласы бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің 2002 жылғы 14 қаңтардағы № 27 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

2-тармақтың 2) тармақшасындағы "тоғызыншы басқарманың," деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

аталған бұйрықпен бекітілген Табиғатты қорғау және мал-дәрігерлік полиция саласы бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулықта:

1 - т а р м а қ т а :

"өзара іс-қимыл жасау тәртібін" деген сөздерді "іс-қимыл жасау" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н " ;

"Астана қаласы ішкі істер басқармасының (әрі қарай - Астана қаласы ІІБ-нің)", "Алматы қаласы ішкі істер басқармасының (әрі қарай - Алматы қаласы ІІББ-нің)" деген сөздер "Астана, Алматы қалалары ішкі істер басқармаларының (әрі қарай - Астана, Алматы қалалары ІІББ-нің)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" және Ветеринария туралы" заң күші бар Жарлықтары" деген сөздер "Қазақстан

Республикасының ішкі істер органдары туралы" заң күші бар Жарлығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Заңдары" деген сөздердің алдынан "Ветеринария туралы," деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

4) тармақшасындағы "ауыл шаруашылық жануарларының аса жұқпалы аурулар ошақтарын жою" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жануарлар жұқпалы аурулармен ауруы бойынша карантин жарияланған аумақтарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздігін күзетуді қамтамасыз ету";

4-тармақтағы "органдармен өзара іс-қимыл функцияларын" деген сөздер ", органдардың жұмысын үйлестіру, сондай-ақ өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастыру" деген сөздермен толықтырылсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

"адамдар тағайындалады" деген сөздің алдында "бекітілген квалификациялық талаптарға сай" деген сөздермен толықтырылсын;

"тиісті білімі" деген сөз алынып тасталсын;

14-тармақтың 2) тармақшасындағы "санитарлық нормалар мен ережелердің" деген сөздер алынып тасталсын;

1 5 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "және табиғи ресурстар" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) табиғатты қорғау және карантинді іс-шараларға тікелей қатысу";

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) экологиялық қылмыстарды тіркеу есебі бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алулар жөніндегі комитеті мен оның жергілікті бөлімшелерімен ай сайын салыстырма тексеріс жүргізу жүктеледі";

19-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды реттейтін заңдар мен басқа да нормативтік кесімдерді, карантинді іс-шаралар жүргізу рәсімін білуге және дұрыс қолдануға ("Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы, "Ерекше қорғауға алынатын табиғат аумақтары туралы" Қазақстан Республикасы Заңы, "Жануарлар әлемін қорғау қалпына келтіру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңы, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңы, Қазақстан Республикасының орман кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі, "Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың бұзылуы салдарынан келтірілген залалды өтеудің жекелеген

мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12 қыркүйек 2001 жылғы N 1186 Қаулысы , "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 4 қыркүйек 2001 жылғы N 1140 Қаулысы);".

4-ші тарауда "Ауыл шаруашылық жануарларының аса жұқпалы аурулары бойынша ахуалы нашар пункттерде" деген сөздер алынып тасталсын;

22-тармақтың 1) тармақшасындағы "өзара іс-қимыл жасау тәртібін" деген сөздерді "іс-қимыл жасау" деген сөздермен ауыстырылсын";

23-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: "жануарлар жұқпалы аурулармен ауруы бойынша карантин жарияланған аумақтарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздігін күзетуді қамтамасыз ету";

3 2 - т а р м а қ т а :

4) тармақшасынан "жол полициясының, тергеу және анықтау, 9-басқарма қызметтерімен" деген сөздер алынып тасталсын.

"қылмыстың экологиялық құрамы бойынша тергеу және анықтаумен, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығымен" деген сөздер "экологиялық қылмыстарды тіркеу есебі бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алулар жөніндегі комитетінің жергілікті бөлімшелерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"аталған қызметтермен" деген сөздер алынып тасталсын.

5) тармақшасында "ауыл шаруашылық жануарларының аса жұқпалы ауруларының ошақтары пайда болған жерлерде" деген сөздер алынып тасталсын;

2. Қоғамдық қауіпсіздік департаменті (Ғ.Алпысбаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер бірінші вице-министрі полиция генерал-лейтенанты И.Оттоға және Қазақстан Республикасы Ішкіісмінің Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне (Ғ.А.Алпысбаев) жүктелсін.

Министр

Қоршаған ортаны қорғау министрі
2004 жылғы 29 маусым

Қ а з а қ с т а н

" К е л і с і л д і "

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

" К е л і с і л д і "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы
2004 жылғы 25 маусым

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК